



Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының аланында түріктің «Чукурова Холдинг» компаниясының бас директоры Доанлы Иса, жоспарлау және сату жөніндегі директор Токатлы Камиль Мехмед, Қуру Бора аймақ кәсіпкерлерімен кездесті.

Компания - түрлі саладағы тауарлардың қамтамасыз шығарумен айналысатын Түркиядағы жетекші кәсіпорындардың бірі. Бүгінде аталмыш түріктік компания балғын жемістер мен кокөністерге, қатты және сұйық майларға, ет, балық, жұмыртқа, сусындар мен химиялық тауарлардың қамтамаларын өзірлеумен айналысады.

1976 жылдан бері түрік нарығындағы белді компаниялардың өнімдеріне қамтама жасап жүрген «Чукурова Холдинг» кәсіпорны енді Қазақстанда гофрокартоннан қамтама жасайтын кәсіпорынды ашу жобасын жүзеге асырмақшы. Ол үшін қолайлы аумақ ретінде оңтүстік өңірлерді алып отыр екен.

«15-20 адам тұрақты жұмыс істейтін зауыт салмақшымыз. Алдымен жергілікті кәсіпорындардың қардон қамтамаларына деген қажеттілігін анықтаймыз. Экономикалық тұрғыда тиімді болатынына сенімдіміз. Өйткені, бау-бақша, жеміс-жидек, сүт өнімдері мұнда көп өзірленеді екен. Ал қамтамалар шығаратын бірде-бір зауыт жоқ. Сондай-ақ, жергілікті кәсіпкерлер шикізатқа қамысты пайдалануға болатындығын айтты. Бұны мамандармен ақылдасып, шешім қабылдайтын боламыз», - дейді «Чукурова Холдинг» компаниясының бас директоры Доанлы Иса.

Кәсіпкерлер палатасы аланындағы кездесуде қызылордалық кәсіпкерлер жобаға қызығушылығын танытып, қажетті дайын базаны беруге әзір екендіктерін де жеткізді.

Кәсіпкерлер палатасы Онірлік кеңесінің мүшесі Тореғали Шанкерей жобаны Қызылорда облысында жүзеге асырудың артықшылықтарына тоқталып отті.

«Зауытты Қызылордада салуда ұтатын жерлеріңіз көп. Біріншіден, Қызылорда облысы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының бойында орналасқан. Зауыт өнімдерін Қызылорда мен Оңтүстік Казакстан облысы ғана емес, ар жағында Қарағанды, Тараз, бер жағында Ақтөбе облысына да кенінен тасу, тұтынушыларды табу мүмкіндіктері зор», - деді ол.

Қызылорда облысы

кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі